

18 наурыз
сейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛДАН ҚАЙЫҚПЕН ӨТЕМІЗ! ТӨРТ АУЫЛМЕН ҚАТЫНАС ҮЗІЛДІ

«ҚИЫН-ҚЫСТАУ, ҚИЛЫ ЗАМАНДА, НЕ БОЛМАҒАН БАЙТАҚ ДАЛАМДА» - ДЕП БАСТАЛАТЫН «БІЗ БІРГЕМІЗ!» ӘНІ БЫЛТЫР ЕЛДЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ БОЛҒАНДА ХАЛЫҚТЫ БІРІКІРЕТІН ӨННІҢ БІРІ БОЛДЫ. ЖЕЛІДЕГІ ВИДЕОЛАРҒА ДА ОСЫ ӘН ФОН РЕТИНДЕ ҚОЙЫЛЫП ЖҮРДІ. БІЗ КӨРІСІП, КӨЖЕ ІШІП ЖҮРГЕНДЕ БІР ӨРІПТЕСІМІЗ ӨЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІГЕ «БИЫЛ ОСЫ ӘНДІ АЙТПАЙТЫН ШЫҒАРМЫЗ?» - ДЕПТІ...



Бірақ, «Біз біргеміз!» деп біз бірінші бастап кеттік! 15 наурыз күні Ойыл ауылының кіре берісіндегі уақытша көпірімізді қардың суы шайып кеткендігі туралы ақпарат әлеуметтік желіде желдей есті. Сол күні кешқұрым уақытша көпірдің қалпына келтірілгені туралы хабар тигенімен көп кешікпей қар суы күні бойғы еңбекті еш қылды.

Уақытша өткел жанында арнайы техникалар мен жергілікті атқарушы органдар, Төтенше жағдайлар депар-

таментінің кезекшілік пункті ұйымдастырылды. 16 наурыздан бастап өзеннің арғы бетіндегі ауданның екі округі, басқа аудандармен және облыс орталығымен қатынас облыстық төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлерінің күшімен жүзеге асырыла бастады. Яғни, бүгінгі күні төтенше жағдайлар департаментінің мамандары бес моторлы қайықпен тұрғындарды судан өткізіп жатыр. Сонымен қатар, төтенше жағдайлар министрлігінің әскери бөлімінің

қызметкерлері тұрғындарды қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз етіп тұр. Өзеннен қайықпен өткізу таңертеңгі сегізден кешкі жетіге дейін ғана жүргізіледі.

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті төтенше жағдайлардың алдын-алу басқармасының бастығы Аслан Арзымбетовтің 17 наурыз күнгі мәліметі бойынша Ойыл селосына кіре берістегі негізгі көпірдің жанынан тұрғызылып жатқан уақытша техникалық көпірдің құрылы-

сы үш күннің ішінде аяқталып, көлік қатынасы қамтамасыз етілуі тиіс.

P.S. Ал, қазіргі таңда Ойыл ауданында төрт ауылмен көлік қатынасы үзілді. Яғни, Қарай, Құбасай, Ақшатау ауылдарымен байланыстыратын күре жолдарды қардың суы жарып кетсе, Көптоғай Ауылдық округіне қарасты Қарасу ауылымен қатынас Ойыл өзеніндегі су деңгейінің өсуіне байланысты үзілді.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ - НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



**Ардақты ағайын!
Қымбатты жерлестер!**

Сіздерді 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Ырыс пен ынтымақтың, береке мен бірліктің мерекесі – Ұлыстың ұлы күні – өз Наурыз мейрамы баршаңызға құтты болсын! Бүкіл Шығыс халқына, барша түркі жұртына ортақ Наурыз мейрамы – жаңарған Қазақ елінің кешегісі мен бүгінгісінен, ертеңі мен болашағын жалғастыратын басты мереке.

Тарихы тереңнен тартқан Ұлыстың ұлы күні – қай кезеңде де еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің мерекесі болып, ұлттық дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымыз жаңғыртылып, жалпы адамзаттық құндылықтар дәріптелген.

Тарихи тамыры тереңге бойлаған өз-Наурыз қашан да дана халқымыз үшін еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмеген бірліктің, ынтымағы ажырамаған ырыстың символы ретінде танылып келген. Табиғат түлеп, жаңарған сәтте есіктен енетін ақ пейіл мен мол татулықтың мерекесі ретінде қазақпен біте қайнасып келе жатыр. Жыл сайын ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысын айшықтайтын бұл күн үлкен сән-салтанатымен, құт-берекесімен тойланып келеді.

Соңғы жылдары еріген қар суы қанша әбiгерге салса да, ұлттық мерекені ұлықтаған шаралар ауданның барлық өңірінде өзіндік сән-салтанатымен аталып келеді. Халқымыз «Күннің жаманы кетеді» дейді. Азды күн бейнет те артта қалады. Бірлікпен барлық қиындықты бірге еңсереміз!

Қадірлі ойылдықтар!

Ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын Ұлыстың ұлы күні – өз Наурыз мейрамы елімізге, әрбір отбасына ауызбіршілік пен қуаныш, құт-береке, бақыт пен молшылық әкелсін!

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!
Наурыз мейрамы құтты болсын!
Ізгі тілекпен, Ойыл ауданының әкімі Асқар Қазыбаев

ЦИФРАНДЫРУ ҮЛКЕН МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ



Ұлттық құрылтайдың IV отырысында мемлекет басшысы озық цифрлық тәсілдер мен жасанды интеллектіге қолайлы орта қалыптастыру жұмыстарын еселеп күшейту керектігін тапсырған болатын. – Меніңше, Қазақстанның кемінде төрт салада орасан зор мүмкіндіктері бар. Осы салаларда біз өз елімізді қамтамасыз етіп қана қоймай, аймақтық, тіпті, жаһандық ауқымда ықпалымызды жүргізе аламыз. Цифрландыру ісі мен жасанды интеллект, көлік тасымалы, энергетика, агроөнеркәсіп кешені және адам капиталы негіз болады, – деді

Мемлекет басшысы. Президенттің айтуынша Қазақстан цифрландыру мен жасанды интеллектіні қолдану ісінде еліміз зор жетістікке жете алады. Қазақстан қазірдің өзінде БҰҰ Электронды үкіметтің даму деңгейі жөніндегі рейтингінде 190 мемлекеттің ішінен алғашқы 25 елдің қатарына кіріп тұр. Аталған мәселе өте өзекті деп санаймын. Жаһандық дамудың көшіне ілесіп келе жатқан еліміз үшін бұл салалар аса қажет.

Назгүл ЕШПАНОВА,
Ойыл аудандық мәслихатының депутаты.

ЖАСТАР – ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Бурабайда өтіп жатқан Ұлттық құрылтайдың IV отырысында көтерген мәселелері еліміздің болашағына соның ішінде жастарға қатысты маңызды бағыттарды атап өтті.

Жастар – елдің болашағы, сондықтан олардың тәрбиесіне және қоғамдық тәртіпті сақтауға бағытталған шешімдер әрдайым өзекті болуға тиіс. Бурабайда өтіп жатқан құрылтайдың кезекті отырысы осы тұрғыдан еліміздің алдағы уақытта дамуы мен азаматтардың құқықтары-

ның қорғалуы жолындағы маңызды қадамдарды айқындады. Жастарға жаңа мүмкіндіктер мен жаңа идеялар қалыптастыру жолында бірқатар жобалар қолға алынды. Бұл дегеніміз үлкен мүмкіндіктер алаңының есігі ашылғандығының белгісі. Тәуелсіздігіміздің 40 жылдығына дейін еліміздің дамуына, ұлттық құндылықтарды сақтауға және жастарға дұрыс тәрбие беру жолында бар күш-жігерімізді жұмсауды тапсырды.

Өркен АҚЕДІЛОВ,
Ойыл аудандық мәслихатының депутаты.



ӘКІМ АУДАНЫҢ ҚАРТ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КӨРІСТІ

14 НАУРЫЗ "КӨРІСУ КҮНІ - АМАЛ МЕРЕКЕСІ" БІЗДІҢ АУДАН ҮШІН ЕРЕКШЕ КҮНДЕРДІҢ БІРІ. ҚАЙ УАҚЫТТАН БЕРІ ЕКЕНІН ЕШКІМ ТАП БАСЫП АЙТА АЛМАЙДЫ.



Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған дәстүр сол күні жастардың ауыл үлкендеріне көрісуі. Бұл ізгі дәстүрді берік ұстанған аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы бүгін Ойыл селосындағы қарияларға көрісті. Аудан басшысы бастаған ел ағалары алдымен тыл ардагері Бақытжан Әлжанов ақсақалдың үйіне барды. Совет Үкіметі тұсында ұзақ жыл шаруашылықта еңбек еткен қария ауыл азаматтарына алғысын жаудырып, батасын берді. Одан кейін аудан басшысы ауыл ақсақалы Күншыққан Мұхамедиярұлы және кезінде мемлекеттік қызметте жасаған Сансызбай Өткелбай қарияға көрісті. «Қарты бар елдің қазынасы бар» - демекші, сіздердің әрбір бата-тілектеріңіз жастарға рухани азық. Ортамызда отыра беріңіздер. Біздерге жыл сайын Сіздермен көрісуге жазсын! – деді аудан әкімі. «Сыйласаң көрінді, жарылқаймын бәріңді!» дейді екен. «Ұлық болсаң, кішік бол!»,- дегендей, үлкенді сыйлап, көрісіп келіп жатқандарыңа рақмет! – деген қариялар ақ батасын берді.

ЖҮРГІЗУШІ КҮӘЛІГІН АУЫСТЫРУ ҚЫЗМЕТІ EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ЖҮРГІЗУШІ КҮӘЛІГІН EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ОНЛАЙН АУЫСТЫРА АЛАДЫ. БҰЛ ҚЫЗМЕТ ҚҰЖАТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН, ҚҰЖАТ ЖОҒАЛҒАН, ҰРЛАНҒАН НЕМЕСЕ ТӘЛҚҰЖАТ ДЕРЕКТЕРІ ӨЗГЕРГЕН ЖАҒДАЙДА ҚОЛЖЕТІМДІ.



Қызмет іске қосылғаннан бері оны 7 000-нан астам адам пайдаланды. Қызметтің басты ерекшелігі – бұрын берілген жеке куәлік немесе тәлқұжаттағы фотосуретті пайдалану мүмкіндігі. Негізгі шарт – фотосуреті бар құжат соңғы үш жыл ішінде шығарылған болуы тиіс. **Қызметті пайдалану үшін:** -eGov Mobile мобильді қосымшасына авторизациядан өтіп, «Қызметтер» бөліміне өту қажет; -«Жүргізуші және көлік» бөлімінен «Жүргізуші куәлігін беру» қызметін таңдау; -дайын құжатты алатын ХҚҚО-

ны таңдау; -жүргізуші куәлігін ауыстыру себебін көрсету және фотосуретті жүктеу; -қолтаңба үлгісін жүктеп, байланыс нөмірін енгізу керек; -мемлекеттік бажды төлеу қажет (4 915 теңге); -өтінімді Face/Touch ID көмегімен растау қажет; -қызмет нәтижесі «Хабарламалар» бөлімінде қолжетімді болады. Өтінім мақұлданғаннан кейін жүргізуші куәлігін таңдаған ХҚҚО-дан жеке куәлікті және қолданыстағы жүргізуші куәлігін ұсыну арқылы алуға болады.

Жаңа құжат берілгенге дейін бұрынғы куәлік жарамды болып қала береді (егер оның мерзімі аяқталмаса). Қызмет eGov.kz порталында да қолжетімді. Қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Ішкі істер министрлігінің бірлескен жұмысының нәтижесінде іске қосылды.

Жайнагүл СЕЙДАХМЕТОВА, «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.

ЗАМЕНА ВОДИТЕЛЬСКОГО УДОСТОВЕРЕНИЯ ДОСТУПНА В ПРИЛОЖЕНИИ EGOV MOBILE

КАЗАХСТАНЦЫ МОГУТ ЗАМЕНИТЬ ВОДИТЕЛЬСКОЕ УДОСТОВЕРЕНИЕ ОНЛАЙН В МОБИЛЬНОМ ПРИЛОЖЕНИИ EGOV MOBILE. УСЛУГА ДОСТУПНА В СЛУЧАЕ ИСТЕЧЕНИЯ СРОКА ДЕЙСТВИЯ ДОКУМЕНТА, ЕГО УТЕРИ, КРАЖИ ИЛИ ИЗМЕНЕНИЯ ПАСПОРТНЫХ ДАННЫХ.

С момента запуска услуги ей уже воспользовались свыше 7 000 человек. Ключевой особенностью услуги является возможность использовать фотографию из ранее выданного удостоверения личности или паспорта. Главное условие – документ с фотографией должен быть выпущен не более трех лет назад. **Чтобы воспользоваться услугой, пользователю необходимо:** -авторизоваться в мобильном приложении eGov Mobile и перейти в раздел «Услуги»; -выбрать из списка раздел «Вожделение и транспорт» и услугу «Выдача водительских

удостоверений»; -выбрать ЦОН для получения готового документа; -указать причину замены водительского удостоверения и загрузить фото; -загрузить образец подписи и указать контактный телефон; -оплатить государственную пошлину (4 915 тенге); -подписать заявку с помощью Face/Touch ID; -результат оказания услуги будет доступен в разделе «Уведомления». После одобрения заявки водительское удостоверение можно забрать в выбранном ЦОНе, предъявив удостоверение личности и действующее

водительское удостоверение. До момента получения нового документа старый остается действительным (если срок его действия не истек). Услуга также доступна на портале eGov.kz. Функционал был запущен благодаря совместной работе Комитета государственных услуг Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК, АО «Национальные информационные технологии» и Министерства внутренних дел РК. **Жайнагүл СЕЙДАХМЕТОВА, Управление по связям с общественностью АО «НИТ».**

ЖЕДЕЛ ІШЕК ИНФЕКЦИЯЛАРЫНАН САҚ ТАНАУЫҚ!

Жедел ішек инфекциялары фекальді-оральды механизммен берілетін, жүрек айнумен, құсумен, іштің өтуімен дене қызуының көтерілуімен сипатталатын, бірнеше инфекцияның басын құрайтын инфекциялар тобы. Оған дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, вирустық гепатиттің түрі және вирустық диареялар жатады. Жалпы ішек ауруларының берілу жолдары, жұғу механизмдері, инфекция көздері бірдей, бір-біріне ұқсас. Дегенмен әр инфекцияның өзіне тән ерекшеліктері де бар. Ішек аурулары әсересе жаз айларында, күнің ыстық мезгілдерінде көбейеді. Ауру көбінесе залалданған тамақ өнімдері мен олардан дайындалған тағамдар, жартылай фабрикалар, су сондай-ақ көкөніс пен жемістер арқылы пайда болады.

Азық-түлік кәсіпорындағында, әсіресе ет және сүт өнеркәсібінде қоғамдық тамақтану орындарында санитариялық-гигиеналық режимді сақтау аса маңызды. Жедел ішек инфекциясымен ауырғандардың арасында екі жасқа дейінгі балалар жиі ауырады, негізгі себептері балалардың күтімі кезінде аналардың жеке гигиенаны сақтамауы, сүт қоспаларын дайындау технологиясының бұзылғандығы және үй жағдайында дайындалған тағамдарды, сондай-ақ жуылмаған көкөністер мен жемістерді пайдалану. Ішек инфекцияларының алдын алу мақсатында жеке гигиенаны сақтау атап айтқанда тамақтанар алдында қолды сабынмен жуу. Сонымен қатар, ет тағамдарын құс етімінен, жұмыртқаны дайындаудың температуралық режимін сақтау

жеміс пен көкөністерді, әсіресе қарбызбен қауынды мұқият жуу, тез бұзылатын өнімдерді сақталуын қадағалау. Жас сәбилердің, балалардың заттарын (сүт ішетін бөтелке, емзік т.б.) ойыншықтарын таза ұстап, балаларды тамақ ішер алдында қол жууға, жеміс-жидек, көкөністерді жуып жеуге, жеке бас тазалығына үйрету. Сол себепті ата-аналарға, жалпы халыққа айтарымыз ішек аурулары әсіресе жаз айларында көбейеді. Сондықтан, өздеріңіз қарапайым ережелерді есте сақтап, балаларыңыздың жеке бас тазалығына мән беруін қадағалаңыздар. Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздейік, ағайын! **Ғ. ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.**

«НАУРЫЗНАМАНЫҢ» БІР КҮНІ - ІЗГІЛІКТІ ІСТЕР

Наурыз мерекесі аясында ұйымдастырылған "Наурызнама" күнтізбесіне сәйкес, 15 наурыз – Қайырымдылық күні болып белгіленді. Бұл күннің басты мақсаты – мейірімділік пен татулықты насихаттап, мұқтаж жандарға көмек қолын созу. Халқымызда қайырымдылық қашанда қасиетті ұғым саналған. Бүгінде игі істерге атсалысып жүрген жандар көбейіп, жақсылық жасау мәдениеті дамып келеді. Осы жалпыұлттық мерекеде кішкентай жақсылықтың өзі үлкен өзгері-

стерге бастау бола алатынын көпшілікке көрсету нағыз жандандудың белгісі болары анық. Аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері, аудандық аурухана ұжымы, Ойыл аудандық кітапханасы мен Мансап орталығы, аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің ұжымы бастаған бірқатар қайырымды жандар аудандағы әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға барып, хал-жағдайларын сұрап, арнайы әлеуметтік пакеттер табыс етті. Көпшілік-

ке үлгі болар іс жасады. "Қайырымдылық жасасаң – қайырымдылығың өзіңе оралады" деген халық даналығы дәлелденіп, осы бір мейірімге толы күнде 70-ке жуық отбасына көмек көрсетілді. Негізінен азық-түлік жиынтықтары табыс етілді. Жақынына көрсеткен көмегің, көрген жанға үлгі болса содан артық, содан қайырлы сауапты іс болмас. Кішкентай жақсылықтың өзі үлкен өзгерістерге бастау болатынын ұмытпайық!

ДЕЛДАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЖАЛҒАН ХАБАРЛАМАҒА (ЕҢБЕҢІЗ)!

Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде және онлайн-хабарландыру платформаларында азаматтардың кез келген санаты үшін зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегінен (ТЖШ) асатын бөлігін алу бойынша төмен пайызбен делдалдық қызметтер көрсету туралы ұсыныстар таратылуда. Сондай-ақ, "делдалдар" БЖЗҚ мен уәкілетті операторлардың логотиптерін пайдалана отырып, зейнетақы жинақтарын алу бойынша жақын арада өзгерістер күтілетіні туралы хабарлайды. БЖЗҚ мұндай ақпараттың шындыққа жанаспайтынын тағы да қатаң түрде ескертеді.



Сондай-ақ, зейнетақы жинақтарын ҚР Әлеуметтік кодексіне көзделген жағдайларда ғана алуға болатынын ескертеміз. Ең алдымен, ол - зейнет жасы, мерзімсіз уақытқа 1 немесе 2 топ мүгедектігінің белгіленуі, ҚР аумағынан тыс ТТЖ кету, мұрагерлік. Зейнетақы жинағының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту және/немесе емделу ақысын төлеу мақсатына заңмен бекітілген талаптарды орындаған жағдайда, мына санаттағы азаматтар құқылы: - ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын жинағы бар са-

лымшылар (ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын сома мөлшерінде); - зейнетақысы жоғалтқан табысының (бұрын алынған жалақысының) кемінде 40% құрайтын зейнеткерлер – олар шотта қалған жинағының 50% дейін пайдалана алады; - еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлер (жинағының 100% дейін); - зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан салымшылар (жинағының 100% дейін). Зейнетақы жинақтарын тұрғын үйге немесе емделу мақсатты пайдалану тек уәкілетті операторлар – екінші деңгейдегі банктер арқылы ғана мүмкін.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛҒАН НЕМЕСЕ 18 ЖАСҚА 2025 ЖЫЛЫ ТОЛАТЫН СТАНДАСТАРЫМЫЗ «ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ТИЕСІЛІ ҚАРЖЫСЫН ӨЗ БЕТІНШЕ ТЕКСЕРЕ АЛАДЫ



«Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасы бойынша тиесілі қаржысын өз бетінше тексере алады. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы екінші жыл жүзеге асырылуда. Оның аясында Ұлттық қордың валюталық инвестициялық кірісінің 50%-ы 2006 жылдан бастап туған Қазақстан азаматтары арасында жыл сайын бөлінеді. 2006-2007 жылы туған және 2024-2025 жылдары 18 жасқа толған/толатын жастардың мақсатты жинақтары (МЖ) олардың Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында (БЖЗҚ) ашылған мақсатты жинақтау шоттарына (МЖШ)

аударылды. Бұл қаражатты тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе білім ақысын төлеу үшін пайдалануға болады. Маңызды! Кәмілетке толған азаматтар, сондай-ақ 2025 жылы 18-ге толатын жастар, өздерінің мақсатты жинақтарын ЕНПФ немесе eGov сайтындағы жеке кабинет арқылы өздері тексеруі керек. **Бағдарлама бойынша аударылған қаражат:** • 2023 жыл – 100,52 \$ • 2024 жыл – 129,38 \$ 2006 жылы туған азаматтарды қоспағанда, 2023 жылы Ұлттық қордан алғашқы қаражат есептелген балаларға ағымдағы жылы 3,04 АҚШ

доллары мөлшерінде инвестициялық кіріс есептелді. Нәтижесінде, 2006 жылы туған баланың нысаналы жинағы 100,52 АҚШ долларына тең болса, 2007 жылы туған баланың НЖШ-да 232,94 АҚШ доллары жинақталды. Төлем алу үшін АҚШ долларында банктік шот ашу, уәкілетті оператор (УО) арқылы өтініш беру және қаражаттың мақсатты пайдаланылуын растау қажет. Егер 10 жыл ішінде қаражат пайдаланылмаса, олар автоматты түрде Ұлттық банктің бағамы бойынша теңгеге айналып, БЖЗҚ-дағы ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) ретінде есепке алынады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1422 дана. Тапсырыс 308 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525
«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

НҰР СЕБЕЛЕ, ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ



14 наурыз – Көрісу күніне орай Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы, "Шұғыла" мәдениет және демалыс орталығы, Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, Ойыл ауданының мансап орталығы, Ойыл аудандық орталықтандырылған кітапхана-лар жүйесі, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының ұйымдастыруымен Шернияз, Берсиев, Масатов көшелерінің тұрғындарына арналған наурыз мейрамы өткізілді. Шараға аудан әкімі А. Қазыбаев, ауданның ақсақалдары, ақ

жаулықты аналарымыз және аудан жастары қатысты. Аудан жастарының шеруімен басталған Көрісу күні "Шұғыла" мәдениет және демалыс орталығы алдында ақжаулықты аналарымыздың театрландырылған көрінісімен жалғасын тапты. Дәл осындай Көрісу күні аудандық мәдениет үйінің алдында да өтті. Шараға Ойыл ауылдық округі және ауылдық округі ғимаратындағы барлық мекемелер мен Ойыл қазақ орта мектебі, А.Қойшығұлов, Амангелді, Көкжар көшелерінің тұрғындары атсалысты. Бірі қазан көтеріп көже асса, біреу-

лері буын бұрқыратып, бауырсақ пісіріп тұрғындарға ыссылай ұсынды. Мерекелік шараға жиналған жұртшылыққа ақ дәм ұсынылса, халықты аудан әкімі А. Қазыбаев құттықтады. Аудан жастары ән айтып, күй шертіп, ұлттық спорттық сайыстарда бақтарын сынады. Ұлттық спорттық ойындарында жеңіске жеткен жеңімпаздарға естелік сыйлықтар табысталды. Аудан тұрғындары ұлттық тағамдарға толы жайылған дастарханнан ауыз тигізіліп, көше үлкендері жылы лебіздері мен ризашылықтарын білдірді.

КӨРІСУ — ЫНТЫМАҚ ПЕН БЕРЕКЕНІҢ БАСТАУЫ

14 НАУРЫЗ – АМАЛ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА «КӨРІСУ – ЫНТЫМАҚ ПЕН БЕРЕКЕНІҢ БАСТАУЫ» АТТЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА ӨТТІ. БҰЛ МЕРЕКЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ДӘСТҮРІН ДӨРІПТЕП, АДАМДАР АРАСЫНДАҒЫ СЫЙЛАСТЫҚ ПЕН ТАТУЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛДЫ.



Шараға Ойыл ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Болат Бақтыгереев, зейнеткер Темір Сағынғалиев, мәдениет қайраткері Амангелді Жұма-

нов, сондай-ақ музей зейнеткерлері Болат Ермағамбетов пен жұбайы Роза, Нұрлан Сұлтанғалиев мен жұбайы Жұмагүл, Қоңырбай Сисимов, Күл-

паш Тұрмұханова және Ойыл аудандық архивінің меңгерушісі Асқар Пангереевтер қатысты. Шара барысында Ойыл қазақ орта мектебінің оқушылары ұлттық дәстүрді дәріптеу мақсатында «Шашбау тағу» рәсімін көрсетті. Қонақтар 14 наурыз – Көрісу күнінің тарихы мен маңызын жан-жақты баяндап, жастарға үлгі боларлық жылы лебіздерін жеткізді. Мерекелік жиын дастархан басында жалғасып, үлкендер ақ батасын берді. Соғым басында Құран оқылып, халқымыздың дәстүрлі әндері шырқалып, күмбірге күй тартылды. Бұл шара ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттаудың жарқын үлгісі болып, жастарға тағылымды тәрбие берді.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ - ІЗГІ ҚАСИЕТ

15 НАУРЫЗ - «ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ» КҮНІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА АУРУХАНА ҰЖИМЫ, ЖЕЛТОҚСАН, ТӨУЕЛСІЗДІК, Н.ТАПАЛОВА, Х.ДОСМҰХАМЕДОВ КӨШЕЛЕРІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН КӨШЕ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ӨТТІ.



Қайырымдылық жасау адам бойындағы ізгі қасиет, туған жерге деген сүйіспеншілік, патриоттық сезім. Қамқорлық, ынтымақ, бірлік, жомарттық және мейірімділік туралы түсінікті кеңейту бірден-бір мақсатымыз. Шараға аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев қатысып, құт-

тықтау сөз сөйледі. Сонымен қатар, ауданның ақсақалдары, ақ жаулықты аналары, көше тұрғындары қатысты. Шара аудан жастарының әнімен басталып, ақжаулықты аналарымыздың театрландырылған көрінісімен жалғасын тапты. Аудан жастары ән айтып, би билеп, күй шертіп, ұлттық

спорттық сайыстарда бақтарын сынады. Ұлттық спорттық ойындарында жеңіске жеткен жеңімпаздарға естелік сыйлықтар табысталды. Аудан тұрғындары ұлттық тағамдарға толы жайылған дастарханнан ауыз тиіп, көше үлкендері жылы лебіздері мен ризашылықтарын білдірді.

Қош келдің, Әз-Наурыз!

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ БИЫЛ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ НАУРЫЗНАМАНЫҢ ОНКҮНДІГІ АЯСЫНДА ТОЙЛАНУДА. 16 НАУРЫЗ ШАҢЫРАҚ КҮНІ РЕТІНДЕ БЕЛГІЛЕНІП, ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН НЫҒАЙТУ, ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРДІ ДӨРІПТЕУ ЖӘНЕ ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫН САҚТАУ МАҚСАТЫНДА ТҮРЛІ ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Наурыз - бұл көктемнің жаршысы, жаңару мен ізгілік мейрамы. Бұл күні көше мейрамы Ойыл ауданында "Ердеулет" құрылыс дүкенінің алдында ұйымдастырылды. Бұл кештің бастамашылары Ойыл аудандық балалар музыка мектебі, "Көкжар" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы, Ойыл ауданы бойынша статистика басқармасы және Екібаев, Н.Оноприенко көшесінің тұрғындары. Наурыз мейрамына жиналған жұртшылықты Ойыл ауданы әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев құттықтап, мейрамның бірлік пен береке әкелуін тіледі. Мерекелік кеште ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар өтті. Қазақтың байырғы дәстүріне сай арқан тарту, бір көтеру секілді жары-



стар өткізіліп, қатысушылар өз күштері мен ептіліктерін сынап көреді. Мерекелік шара барысында қонақтар қазақтың ұлттық тағамдарынан дәм тартып, дәстүрлі әндер мен күй

тындап, ұлттық би өнерін тамашалайды. Ойыл аудандық балалар музыка мектебінің шәкірттері өнер көрсетіп, қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

«АЛТЫН ШАҢЫРАҚ», «КҮМІС КЕРЕҒЕ»

16 НАУРЫЗ - ШАҢЫРАҚ КҮНІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «АЛТЫН ШАҢЫРАҚ», «КҮМІС КЕРЕҒЕ» АТТЫ АЛТЫН ТОЙ, КҮМІС ТОЙ ИЕЛЕРІМЕН ЖАСТАРДЫҢ КЕЗДЕСУІ ӨТКІЗІЛДІ.



Шараға «Алтын той» иегерлері Тұрғамбеков Орынбасар ағайымызбен Мариям апамыз қатысты. Сонымен қатар, «Күміс той» иегерлері Серік Меруенов - Сағыныш Дабылова, Сәндібек Нұрбаев - Әлия Баймағам-

бетқызы қатысты. Шара барысында Отбасы құндылықтары, отбасындағы бала тәрбиесі, отбасындағы татулық жөнінде әңгіме өрбіп, қонақтарымыз жастарға өздерінің ақыл кеңестерін айтты.

Жастар өздері тарапынан сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптарын алды. Тағылымды кездесу соңында құрметті қонақтарға орталық басшысы Жангүл Ізгаринаның атынан арнайы алғыс хат пен сый-сияпат табысталды.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ - ҰЛТТЫҚ БІРЛІКТІҢ СИМВОЛЫ

17 НАУРЫЗ - МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕР КҮНІ. ОЛ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БАЙ МҰРАСЫН, САЛТ-ДӘСТҮРІН ДӨРІПТЕУГЕ, МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰРПАҚТАН-ҰРПАҚҚА ЖЕТКІЗУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН.

Наурызнаманың онкүндігіне сай "Асанәлі" бөбекжай-бақшасының ұйымдастыруымен "Ұлыстың ұлы күні – Наурыз" атты мерекелік шара ұлы дәстүрді жалғастырды. Алдымен келген жұртшылықты Ойыл ауылдық округінің әкімі Рүстем Сағынғалиев құттықтап, ізгі ақ тілегін білдірді. Наурыз мейрамы аясында қатысушыларға көптеген қызықты іс-шаралар ұсынылды. Ұлттық көріністер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен сыр шертетін көріністер қойылып, ата-бабаларымыздың өмір салты сахналанды. Дәмнен шашу - Наурыз мейрамының басты тағамы наурыз көже мен ұлттық тағамдар дай-



ындалып, келген қонақтарға ұсынылды. Мерекелік концерт ұлттық әндер мен күйлер орындалып, өнерпаздар өз өнерлерін ортаға салды. Ұлттық ойындар арқан тарту, қол күрес, бір көтеру сынды

дәстүрлі ойындар ұйымдастырылды. Бұл шаралар жастардың ұлттық спортқа деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Жеңімпаздар қаржылай сыйлықтарға ие болды.

БЕРЕКЕ БАСЫ – НАУРЫЗ



Наурыз - көктемнің алғашқы күні ғана емес, қазақ халқының салт-дәстүрлерін, ұлттық береке-бірлігін жаңғыртып, жасампаздыққа жоң ашатын қасиетті мереке. Осыған орай Ойыл ауданында көпшіліктің асыға күтетін Наурыз мейра-

мы ерекше аталып өтті. Ойыл ауданының білім бөлімі, Ойыл аудандық оқушылар үйі, Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі мен "Жастық" сауда үйінің ұйымдастыруымен өткен «Береке басы Наурыз» атты мерекелік

шара аудан тұрғындарына арналды. Мереке аясында ән мен күйден шашу шашылып, би мен ойын-сауықтарға жалғасты. Шараының арнайы қонағы, аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев құттықтау сөз сөйлеп, барлық тұрғындарға Наурыздың игілікті әрі берекелі болуын тіледі. Сонымен қатар білім бөлімінің басшысы Есенгелді Бегалин мен қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшысы Ернұр Асқаров да өз сөздерін айтып, халықты мерекемен құттықтады. Жылдан қауым ұлттық ойындар ойнап, дәмнен ауыз тиіп, наурыз көже ішіп, бір-біріне құттықтауларын білдірді. Бұл шара тек мейрамның ғана емес, аудан тұрғындарының бірлігін, ынтымақтастығын нығайтатын үлкен қадам болды.